

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1998 жылғы 20 қарашадағы N 242 "Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар желілерінде электрбайланысы қызметін көрсету туралы" бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 2 тамыздағы N 265-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 24 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3809. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 252 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2010.09.27 № 252 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 82-ө өкімін іске асыруға байланысты Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі өкілдерімен 2005 жылғы 15 маусымдағы жұмыс кездесуіндегі хаттама шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар желілерінде электрбайланысы қызметін көрсету туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1998 жылғы 20 қарашадағы N 242 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 700 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының телекоммуникация желісінің өзара байланысуына қызметтік электр байланысын
ұ с ы н у е р е ж е с і н д е :

ескертудегі 6 тармақ алынып тасталсын;
көрсетілген бұйрықтағы 1 қосымшада ескертудегі 3 тармақ алынып
т а с т а л с ы н .

2. Байланыс саласындағы Мемлекеттік саясат және қаржылық реттеу департаменті (А.А.Сейтімбеков) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

